

## ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУЫ

Е.Б. Баймухеев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясы,  
Нұр-сұлтан қ., Қазақстан.

**Түйіндеме.** Халық пен мемлекеттік органдар арасындағы тығыз өзара іс-қимыл және ашық диалог мемлекеттің табысты дамуының кепілі болып табылады. Қолжетімділік, ашықтық, транспаренттілік және мемлекеттік шешімдер қабылдау процесінде азаматтардың пікірін ескеру мемлекеттік басқару тиімділігінің және демократиялық принциптерді ұстанудың аса маңызды индикаторларының біріне айналады. Осы тұжырымдаманы іске асыру мақсатында қазіргі таңда мемлекеттік қызметтерді көрсететін органдар қызметінің тиімділігін арттыруға және дамуына басты назар аударылуда. Осы мақсатта бұл мақалада «Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасы» іске асыруда нақты талдаулар ұсынылады.

**Түйінді сөздер:** қоғамдық бақылау, жергілікті атқарушы орган, жергілікті мемлекеттік басқару.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасы Президентінің Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2019 жылы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына алғашқы Жолдауында «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді іске асыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын жүзеге асыру» мақсат етіліп қойылды. Халық үніне құлақ асатын мемлекет азаматтардың мұқтаждықтарын жедел іске асыруды, азаматтық қоғаммен ұдайы өзара іс-қимылды, қоғамды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешуге қатыстыруды білдіреді [1].

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты қазақстандықтардың мемлекеттік органдардың қандай болғанын қалайтыны туралы әлеуметтік сауалнама жүргізген.

Әлеуметтанулық сауалнама нәтижелеріне сәйкес, сұқбат алуға қатысқандардың жартысынан астамы (57,5%) ең алдымен мемлекеттік орган жемқорлыққа ұшырамауы тиіс деп санайды. Сондай-ақ респон-

денттер көбінесе мемлекеттік органның «шешімдер қабылдау кезінде азаматтардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін ескеретін» (42,2%) сипатта болуы атап өтті. Респонденттер мемлекеттік органдардан азаматтардың сауалдарына, шағымдары мен ұсыныстарына жедел ден қоюды күтеді (41,3%).

Респонденттердің үштен бірі халықпен кері байланыс арналарын (жеке кездесулер, жедел желілер, онлайн-мессенджерлер, қосымшалар және т.б.) қамтамасыз ету мемлекеттік органның ашықтығына негіз болатынын атап өтті. Тұтастай алғанда, әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша мемлекеттік органның негізгі сипаттамалары: мемлекеттік органның қолжетімділігі оның ішінде, байланыс мен мекенжай мәліметтерінің ашық қолжетімділікте болуы; қызметі мен бюджеті туралы ақпарат берудегі ашықтық; халықпен кері байланыстың қолданыстағы арналарының болуы [2] атап өтілді.

**Зерттеу әдістері.** Халық үніне құлақ

асатын мемлекет тұжырымдамасын Алматы облысы Жамбыл ауданының мысалында зерттеу. Алматы облысы Жамбыл ауданында халық арасынан сауалнама жүргізу арқылы жергілікті атқарушы органдардың кері байланыс арналарын зерттеу, кемшіліктерін анықтау, ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу нәтижелері.** «Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын жергілікті атқарушы органдардың іске асыруы» міндеті барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметінде басым міндет болуға тиіс. Магистрлік жұмыста Алматы облысы Жамбыл ауданының әкімдігі қаншалықты тиімді әрі ашық, азаматтардың мәселелеріне дұрыс және объективті жауап беру үшін қандай шаралар қабылдауы қажет деген сұрақ басты назарда болады.

Биліктің халықпен жүйелі сенімді диалогының болуы демократиялық құқықтық мемлекет пен күшті азаматтық қоғамның негізгі индикаторы болып табылады. Елімізде бүгінгі күні биліктің ашықтығы, мемлекеттік басқарудың тиімділігі, азаматтардың пікірлерін есепке алу және шешімдерді әзірлеу кезінде әділдік талап етілетінін қоғамның сұранысы туындап отыр.

Еліміздегі қоғамдық қатынастарды дамытудың жаңа кезеңі 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жолдауында жалғасын тапты. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы маңызды, бірақ әділетті мемлекет құру үдерісіндегі кірпіш қана екенін атап айтқан [3].

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет»

тұжырымдамасын жүзеге асырудың маңызды бағыттың бірі - әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік органдардың халықпен өзара әрекеттесу механизмдерін жетілдіру. Атап айтқанда, қазақстан Республикасының Президенті «Конституцияға сәйкес біздің азаматтар өз еріктерін еркін білдіруге құқылы. Егер бейбіт әрекеттер заңдылықты және азаматтардың тыныштығын бұзу мақсатын көздеме, оларды заңда белгіленген тәртіппен өткізуге рұқсат беріп, бұл үшін арнайы арнайы орындар бөлінуі қажет. Кез-келген наразылық акциясы – бұл билік үшін сигнал, қоғамның белгілі бір көңіл-күйін білдіретін, халықтың белгілі бір топтарының проблемалық мәселелерін, өтініштері мен тілектерін ашық түрде білдіретін кері байланыс алу тәсілі [4].

Мемлекет пен қоғамның бірінші міндеті-ел дамуының саяси парадигмасын қайта құру. Бірақ мемлекеттің тәуелсіздігін, тұрақтылығын және тұтастығын сақтау үшін оны жаңғырту жөніндегі қадамдар барынша дәл келтірілуі тиіс. Геосаяси турбулентті-лік жағдайында сыртқы, мүмкін белгілі бір ішкі күштерді пайдалануды бәсеңдетпейтін мемлекеттік тетіктің теңгерімсіздік тәуекелін болдырмай, ел дамуының әдіснамасын өзгертуді бір мезгілде қалай да үйлестіре алуымыз қажет [5].

**Қорытынды.** Мемлекет пен азаматтық қоғамның тығыз ынтымақтастығында партиялар, Қоғамдық кеңестер, азаматтық белсенділер және бей-жай емес азаматтар атынан біздің елімізге тұрақтылық пен өркендеуді шын жүректен қалайтын қоғамның барлық алуан түрлі және прогрессивті күштерін біріктірудің кепілі болып табылады. Менің ойымша ел ілгерілеуі тиіс «еститін мемлекеттегі» сенім, ынтымақтастық және диалог берік азаматтық бейбітшілікті қамтамасыз ете алады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Сындалы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі.
  - 2 Социологические исследования, <https://kisi.kz/blogs/gosudarstvo-dlya-lyudej/>
  - 3 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ
  - 4 Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайланған ҚР Президентін ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзі, 12.06.2019 ж.
  - 5 ULTTYQ KENES. Хроника. Особенности. Результаты. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Қоғамдық сенім кеңесі, 2020. – 20
- 

### **Е. Баймухаев. РЕАЛИЗАЦИЯ ПРИНЦИПА СЛЫШАЩЕГО ГОСУДАРСТВА МЕСТНЫМИ ИСПОЛНИТЕЛЬНЫМИ ОРГАНАМИ**

Аннотация. Тесное взаимодействие и открытый диалог между народом и государственными органами – залог успешного развития государства. Доступность, открытость, прозрачность и учет мнения граждан в процессе принятия государственных решений становятся одним из важнейших показателей эффективности государственного управления и приверженности демократическим принципам. В целях реализации данной концепции в настоящее время основное внимание уделяется повышению эффективности и развитию органов, предоставляющих государственные услуги.

**Ключевые слова:** общественный контроль, местный исполнительный орган, местная государственная администрация.

---

### **Е. Baimukhayev. IMPLEMENTATION OF THE PRINCIPLE OF THE HEARING STATE BY LOCAL EXECUTIVE**

**Abstract.** Close interaction and open dialogue between the people and state bodies is the key to the successful development of the state. Accessibility, openness, transparency and taking into account the opinion of citizens in the process of making public decisions are becoming one of the most important indicators of the effectiveness of public administration and commitment to democratic principles. In order to implement this concept, the focus is currently on improving the efficiency and development of bodies providing public services.

**Keywords:** public control, local executive body, local state administration

---

#### **Сведения об авторах**

**Баймухаев Ернар Батырханович**, магистрант Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, [baimukhayev.vernar@gmail.com](mailto:baimukhayev.vernar@gmail.com)